



Экология және табиғи ресурстар
министрлігі
Қазақстан Республикасы
«Қазгидромет» Республикалық
Мемлекеттік Кәсіпорны

АЙ САЙЫНҒЫ БЮЛЛЕТЕНЬ:
ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ
2023 МАУСЫМ АЙЫ

Астана
2023

КІРІСПЕ

Аймақтық климатты зерттеу және оның өзгеруін үнемі қадағалау – Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің РМК «Қазгидромет» басым міндеттерінің бірі. РМК «Қазгидромет» ауаның орташа айлық температурасы мен жауын-шашынның ай сайынғы мөлшерінің Қазақстан аумағында ауытқуларына баға берілетін ай сайын бюллетеньдер шығарады.

Бюллетеньді дайындау үшін РМК «Қазгидромет» метеорологиялық бақылау желісінен алынатын бақылау деректері қолданылады: 1941 жылдан бастап ауаның орташа айлық температурасы мен айлық жауын-шашын мөлшері.


Ауаның орташа айлық температурасы мен жауын-шашынның айлық мөлшері аномалиясы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым қазіргі климаттың ауытқуын бақылаудың базалық негізі ретінде ұсынған 1991–2020 жылдар аралығы үшін есептелген ұзақ мерзімді орташа мәндер, яғни нормаға қатысты анықталады. Ауа температурасының аномалиясы бақыланатын мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшері аномалиясы нормадан пайызбен, яғни жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы түрінде ұсынылады.

Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтірілген, мұнда әр станция үшін эмпирикалық аспау ықтималдылығының мәндері 1941 жылдан бастап ағымдағы жылға дейін (эмпирикалық аспау ықтималдығы – бұл уақыт мәнінен аз немесе оған тең уақыттық қатар мәндерінің үлесі) келтірілді. Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы экстремалды диапазондарға түссе (0-5 % немесе 95-100 %), онда бұл мән 1941 жылдан бергі кезеңде жағдайда 5 %-дан жиі кездеспегенін білдіреді. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0-5 % аралығында болса, онда бұл жерде өте төмен температура байқалады, егер 95-100 % аралығында болса, керісінше, өте жоғары температура болғаны бақыланғанын көрсетеді. Егер жауын-шашынның мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл өте аз мөлшерді, екіншісінде – жауын – шашынның өте үлкен (экстремальді) мөлшерді көрсетеді.


*Шығарылымға жауапты: Ғылыми-зерттеу орталығы
Климаттық зерттеулер басқармасы
Жетекші ғылыми қызметкері
Белдеубаев Е.Е.*

АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯСЫ

Маусым айында елдің көп бөлігінде ауа температурасының оң ауытқуы байқалды. Аномалиялар 2 °C-тан асатын едәуір жылу аймақтары оңтүстік пен оңтүстік-шығыста байқалды. Ең үлкен оң аномалия Шымкент МС-да байқалды және 3,1 °C құрады (1-сурет). 4 МС-да максималды орташа айлық температураның рекордтары жаңартылды (1-кесте). 2-суреттің мәліметтері бойынша, елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында орналасқан 20 МС-дан астам жерде экстремалды жылы болды. Теріс ауытқулар (минус 0,2...0,6 °C) елдің солтүстігі мен батысындағы бірнеше аудандарда байқалды.



1-сурет. 1991–2020 жж. базалық кезеңмен есептелген 2022 жылғы маусым айындағы орташа айлық ауа температурасы аномалияларының (°C) кеңістіктік таралуы.




2-сурет. 1941-2021 жылдар кезеңінің деректері бойынша есептелген 2022 жылғы маусымдағы ауа температурасының аспау ықтималдылықтарының кеңістіктік таралуы.

1-кесте. 2023 жылдың маусым айындағы орташа айлық ауа температурасының максималды рекордтық мәндері


Метеостанция	Облыс	Орташа айлық ауа температурасының жаңа рекорды, °C	Орташа айлық ауа температурасының бұрынғы рекорды, °C
Қазығұрт	Түркістан	27,3	26,9 (2021 г.)
Қордай	Жамбыл	22,8	22,5 (2008 г.)
Шардара	Түркістан	29,4	29,1 (2021 г.)
Шымкент	Түркістан	27,5	26,9 (2021 г.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

Маусым айында елдің көп бөлігінде жауын-шашын тапшылығы басым болды. Жауын-шашын мөлшері 20 %-дан аз аймақтар оңтүстік, орталық облыстарда, Балқаш маңының бірнеше аудандарында, Арал маңында, Ақтөбе және Қостанай облыстарының кейбір аудандарында, сондай-ақ Маңғыстау облысында байқалды. Маусым айында 15 МС-да жауын-шашын байқалмады (3-сурет). Елдің әр түкпірінде орналасқан 29 МС-дың мәліметтері бойынша өте құрғақ болды (4-сурет). Жауын-шашын мөлшері 120 %-дан асатын едәуір ылғалдылық аймақтары елдің солтүстігі мен батысының бірнеше аудандарында байқалды. Осы аудандарда орналасқан кейбір метеостанцияларда жауын-шашын (203...250 %) нормадан 2 есе асып түсті.



3-сурет. 2022 жылғы маусымдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы (1991-2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)



4-сурет-2022 жылғы маусымдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы.